

Кафедра тарихынан

Қазақ әдебиеті пәнінің негізгі курстары бойынша дәріс беру – 1928 жылы Қазақ халық ағарту институтының (Ташкенттегі) негізінде ҚазПИ ашылғаннан бері жүргізіліп келе жатыр. Алғашқы жылдары бұл мамандықта сабақ беретін оқытушылар “Қазақ тілі мен әдебиеті” деп аталатын кафедра құрамында жұмыс істеді. 1935 жылы қазақ тілі кафедрасы өз алдына дербес отау тікті де (меңгерушісі профессор Қ.Жұбанов), қазақ әдебиетінің оқытушылары орыс әдебиеті кафедрасымен бірікті (меңгерушісі профессор М.П.Баталов). Қазақ әдебиеті кафедрасының өз алдына дербес кафедра болып құрылуы – 1937 жыл. Алғашқы меңгерушісі белгілі әдебиетші ғалым – М.Қ.Қаратаев болды.



Осы жылдар ішінде қазақ әдебиеті кафедрасында Ахмет Байтұрсынов (1928-1929), Молдағали Жолдыбаев (1928-1937), Өтебай Тұрманжанов (1928-1938), Сәкен Сейфуллин (1930-1937), Саттар Ерубаев (1936-1937), Мұхтар Әуезов (1937-1946), Сәбит Мұқанов (1937-1941), Хамза Есенжанов (1937) тағы да басқа қазақ зиялылары қызмет істеді. Олар қазақ әдебиеті пәнінің негізгі курстары бойынша дәріс оқыды, семинар сабақтарын жүргізді. Студенттердің әдеби, ғылыми үйірмелерінің жұмысына басшылық жасады.

1938 жылдан бастап кафедраны Қажым Жұмалиев (1938-1951, 1957-1968) басқарды.



Бұл жылдары кафедра құрамы Есмағанбет Ысмайылов (1938-1941), Белгібай Шалабаев (1938-1949), Әли Есмамбетов (1939), Қ.Дәукенова (1939), Дихан Әбілев (1939-1940), Қайнекей Жармағамбетов (1939-1942, 1948-1960), Темірғали Нұртазин (1943-1948, 1949-1951) сияқты кадрлармен толықты.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде кафедра мүшелері әдеби-педагогикалық тәжірибесін толықтыра отырып, ғылым саласында да елеулі табыстарға жетті. Кафедра

меңгерушісі Қ.Жұмалиев 1946 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. М.Әуезов ғылым докторы атағына ие болды. 1946 жылы ашылған Қазақ КСР Ғылым академиясының алғашқы жиналысында М.Әуезов академияның толық мүшелігіне, Қ.Жұмалиев корреспондент-мүшелігіне сайланды. 1940-50 жылдар ішінде кафедра құрамында жұмыс істеуге Шайхы Кәрібаев (1947-1948, 1958-1971), Манап Хасенов (1948-1954), Асқар Токпанов (1950), Төкен Әбдірахманов (1952-1989), Рахима Қойбағарова (1950-1958), Мұқаш Сәрсекеев (1952-1958), Серік Қирабаев (1958 жылдан), Хасен Әдібаев (1959-1978), Рәзия Рүстембекова (1959-1969) секілді т.б. ғалым-педагогтар келді. 1958-1967 жылдар ішінде ұзақ үзілістен кейін М.Қаратаев кафедраға қайта оралып, студенттерге сабақ берді.

1951-1957 жылдар аралығында кафедраны Кеңес Одағының Батыры, профессор Мәлік Ғабдуллин басқарды. Ол кафедра құрамында ұзақ жылдар (1946-1967) ұстаздық қызмет атқарды.



1969 жылдан 1988 жылға дейін қазақ әдебиеті кафедрасын профессор Серік Қирабаев басқарып келді



Алпысыншы жылдары кафедраға әдебиет зерттеуші педагогтардың жаңа легі қосылды. Олардың ішінде Нығмет Ғабдуллин (1969 жылдан), Мекемтас Мырзахметов (1969-1975), Сейфолла Құспанов (1968-1969, 1971-1973), Серік Мақпырұлы, Мереке Жаманов (1974-1995 жылдан), Мұхтар Мағауин (1976-1983), Немат Келімбетов (1981-1997), Өжкен Тыныбаева (1978 жылдан), Тұрсын Сыдықов (1978 жылдан), Теңізбай

Рақымжанов (1981 жылдан), Жасарал Қуанышалин (1987-1992) сияқты тәжірибелі ұстаздар мен жастар болды.

Бұл жылдар ішінде кафедра құрамы, оның оқытушылары ғылыми-педагогтік еңбек саласында елеулі табыстарға ие болды. М.Ғабдуллин, (1959), М.Қаратаев (1964), С.Қирабаев (1964), Х.Әдібаев (1970), Н.Ғабдуллин (1972) филология ғылымдарының докторы атағын алуға диссертациялар қорғады. Қ.Жұмалиев Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі (1967), М.Қаратаев Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1967), кейін академигі (1975), М.Ғабдуллин КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі (1959), С.Қирабаев Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1968) болып сайланды.

1988-1997 жылдар аралығында кафедраға профессор Нығмет Ғабдуллин жетекшілік етті.



Бұл кезеңде оқытушылар қатары Балтабай Әбдіғазизұлы, Темірхан Тебегенов, Сәуле Дәуітова, Ираида Кубаева, Алпысбай Тамаев, Бигүл Жетпісбаева, Қарлығаш Әбдікова, Тамара Жұмағұлова сынды мамандармен толықты. Кафедра мүшелерінің ғылыми табыстары еселене түсті. Профессор С.Қирабаев Қазақстан Республикасы ғылым академиясының академигі (1992) болып сайланды. Т.Рахымжанов (1993) пен Т.Сыдықов (1997) докторлық диссертация қорғады.

1997 жылдан 2008 жылға дейін кафедраны филология ғылымдарының кандидаты, доцент Балтабай Әбдіғазизұлы басқарды.



Кафедра құрамында 3 ғылым докторы, 9 ғылым кандидаты қызмет атқарды. 2001 жылы Балтабай Әбдіғазизұлы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғады.

ҚазПИ-де (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің ашылып, осы мамандық бойынша маман мұғалім кадрларының дайындалуы ана тілі мен әдебиеті пәнінің мектептерде негізгі пән ретінде оқыту ісін жолға қойды. Бұл – жаңа ашылған жоғары мектептің әдебиет кафедрасы мен оның оқытушыларының назарын оқу-әдістемелік құралдар жасаудан бастау қажеттілігіне аударды. Осы тұста қазақ әдебиеті кафедрасында сабақ берген ұстаздардың әдістемелік, ғылыми-теориялық ізденістеріне негіз болған Ахмет Байтұрсыновтың еңбектеріне тоқтала кету қажет. 1928-1929 жж. ҚазПИ-де, оған дейін (1925-1928) Қазақ халық ағарту институтында (Ташкенттегі) сабақ берген. А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” (1926) – қазақ әдебиеттану ғылымындағы алғашқы теориялық зерттеу еңбек. Оның “Қазақтың бас ақыны” (1913) мақаласы Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын дәл анықтап, ұлы ақынның әдеби мұрасына әділ баға берген алғашқы зерттеулердің бірі. А.Байтұрсынов халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жарыққа шығаруда зор еңбек сіңірді. “Ер Сайын” жырына алғысөз бен түсініктемелер жазып, Мәскеуде жариялады (1923), “23 жоқтау” атты кітап шығарды. Сонымен бірге, “Оқу құралы” (1913), “Әліп-би” (1921), “Баяншы” (1926), “Жаңа әліп-би” (1926-1928) т.б. оқулықтардың авторы.

Дегенмен, ол дәуір қазақ әдебиеті тарихының жүйеге келтірілмеген кезі болатын. Әдебиет тарихына қатысты деректердің көбі жиналмаған, жиналғандары жүйеге түсіп, зерттелмеген еді. Жоғары оқу орнында әдебиет мамандығын игеру үшін студенттерге әдебиет тарихынан лекция оқу, ең алдымен, әдеби деректерді жинауды, сөйтіп лекциялық курс дайындауды жедел түрде күн тәртібіне қойды. Институтта қазақ әдебиетінен сабақ берген алғашқы ұстаздардың бір жағынан ғылыми-шығармашылық жұмыспен шұғылдануы да осындай қажеттіліктен туған еді.

Бұл саладағы жұмыс, ең алдымен, қазақ халқының ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиетке қатысты деректерді жинап бастыру ісінен басталды. Отызыншы жылдардың бас кезінен жарық көре бастаған әртүрлі мәтіндік материалдардың жинақтары осылай туды. С.Сейфуллин жинап, құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Батырлар» (1933) кітаптары, Ақан серінің, Ақмолланың, Ыбырай Алтынсариннің (1935) шығармалары Ө.Тұрманжанов жинап бастырған «Қазақтың мақал-мәтелдері» кітабы (1935) және М.Жолдыбаевтың, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың ҚазПИ-де қызмет атқарған жылдарында жинап, күнделікті баспасөз бетінде жариялаған деректері кезінде ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихын толықтыруға зор көмек болды. Қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушыларының қатысуымен 1933 жылы Абай Құнанбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары жарық көрді.

Қазақ әдебиеті тарихының материалдарын жүйелеу негізінде институтта дайындалған лекциялық курстар бұл саладағы алғашқы зерттеулерге бастама болды. С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» атты кітабы (1932), С.Мұқановтың «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихының очерктері» (1941), М.Әуезов жасаған «Абайдың творчестволық өмірбаяны» (1932) – барлығы да лекциялық курс материалдары негізінде дайындалды. Бұл еңбектерді ҚазПИ-дің материалдары негізінде дайындалды. Бұл еңбектерді ҚазПИ-дің кафедрасының қазақтың ұлттық әдебиеті туралы ғылымының тууына, есеюіне қосқан елеулі үлесі деуімізге әбден болады.

Отызыншы жылдардың бас кезінен бастап қазақ мектептерінде ана тілі мен әдебиетін пән ретінде оқыту мәселесі қолға алынды. Осы кезеңде алғашқы оқу бағдарламалары, оқулықтар жасала басталды. Бұл жүйедегі жұмыстар қазақтың әдебиетші-жазушыларының қатысуымен ҚазПИ қабырғасында жүргізілді. І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Ә.Мәметова, Б.Майлин құрастырған 5-сыныптың «Әдебиеттану оқу кітабы» (1932), М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев құрастырған «Әдебиет хрестоматиясы» (4-сынып, 1934), С.Сейфуллин, Ө.Тұрманжанов жасаған «Көркем әдебиет кітабы» (5-сынып, 1934), т.б еңбектер ұлттық әдебиет оқулықтарын жасау жолындағы маңызды қадам болып табылады. Бұл жүйелеудің алғашқы құрылымы ретінде жасалды. Отызыншы жылдардың екінші жартысынан бастап жас ұрпаққа әдебиет үлгілерін жинақтап берерлік жаңа оқу хрестоматияларын жасау ісі қолға алынды. Осындай әдебиет хрестоматиясының жаңа үлгілері, мәселен, М.Әуезовтің (6 сынып үшін, 1937), С.Ерубаевтың (10 сынып, 1937), Д.Әбілеуітің (7 сынып, 1938), С.Мұқанов пен Қ.Бекхожиннің (8 сынып, 1938), Е.Ысмайылов пен Т.Ақшолақовтың (10 сынып, 1968) кітаптары ҚазПИ ұстаздары мен шәкірттерінің құрастыруымен жарық көрді.

Әдебиеттік оқу мен әдебиет тарихын мектепте жүйелі түрде оқыту ісі отызыншы жылдардың аяқ кезінен бастап жаңа бағытта дамыды. Бұл кезде орыс әдебиетінде атақты педагог ғалым М.А.Рыбникова негізін салған «Әдебиеттік оқу» курсының жобасы қалыптасты. 8-10 сыныптарда ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихын жүйелеп оқыту ұстанымы жүзеге асырылды. Осы негізде қазақ мектептеріне арналған әдебиет оқулықтарының соңғы үлгілері жасалды. 1939 жылы алғаш жарық көрген «Әдебиеттік оқу кітабын» құрастыруға Ш.Кәрібаев (5 сынып) Қ.Бекхожин (6 сынып), А.Көшімбаев (7 сынып) сияқты әдебиетшілер қатысты. 8-10 сыныптарға арналған жаңа оқу бағдарламаларының негізінде хрестоматияның жаңа үлгілері құрастырылды. С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин 8 сыныптың хрестоматиясын жаңартып, толықтырып жариялады. Е.Ысмайылов (9 сынып), Д.Әбілеу пен Ж.Саин (10 сынып) жаңа оқу хрестоматияларын жасады. Қазақ әдебиеті тарихы мен теориясының кеңес әдебиетінің даму жолын тарихи жүйеге түсірген жаңа бағдарламаға сәйкес жоғарғы сынып оқушылары үшін тың оқулықтар жазу ісі де осы жылдары қолға алынды. 1938 жылы Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» оқулығы жарық көрді. Қыркыншы жылдардың бас кезінен бастап Қ.Жұмалиевтің, Е.Ысмайыловтың, Қ.Жармағамбетовтің қатысуымен VIII, IX, X сыныптардың жаңа оқулықтары жазылды. Бұл оқулықтар қыркыншы жылдар бойы негізгі жүйесін сақтап, аздаған түзету, толықтырулармен қазақ орта мектебінің жоғарғы сыныптарында қолданылды. Елуінші жылдардың бас кезінен бастап оқулық жасау ісіне ҚазПИ әдебиетшілерінің жаңа өкілдері М.Ғабдуллин, С.Қирабаев, А.Нұрқатов араласты. М.Ғабдуллин VIII сыныпқа, соңғы екі автор IX сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығының соңғы нұсқасы (1952) 1963 жылға дейін орта мектептерде пайдаланылды. 1964 жылы С.Қирабаев, А.Нұрқатов X сыныпқа арналған жаңа оқулық жазды.

Алпысыншы жылдардың орта тұсынан бастап мектептердегі оқу бағдарламаларының өзгеруіне байланысты оқулықтар жасау мен жаңартудың жаңа кезеңі басталды. Осы тұста да ҚазПИ әдебиетшілері орта мектеп үшін оқулықтар жасаушылардың алдыңғы легінде қызмет етті. Қ.Жұмалиев (IX-X сыныптар), С.Қирабаев (IX-X), Ш.Кәрібаев (VII сынып), Т.Әбдірахманов (III-IV сынып), Х.Әдібаев пен С.Құспанов (орыс мектептерінің VIII-X сыныптары үшін) оқулықтары мектеп өмірінен

тұрақты орын алды. Жетпісінші жылдар ішінде бұл іске Н.Ғабдуллин қатысып, мезгілісіз қайтыс болған Ш.Кәрібаев оқулығын жөндеп, толықтырды. Бұл тұста С.Қирабаевтың кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінен факультативтік курсқа арналған жаңа сыныпқа арналған «Қазақ кеңес әдебиетінің» жаңа оқулығын (1986) жасауға қатысты.

Мектептерге арналған әдебиет оқулықтарын жетілдіре түсумен қатар ҚазПИ-дің әдебиетші-ғалымдары республиканың жоғары мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасау ісіне белсене қатысып келді. Бұл саладағы оқулықтар жоғары мектепте ұзақ жылдар оқылған лекциялық курстар негізінде туды. М.Ғабдуллиннің «Қазақ халық ауыз әдебиеті» (1959), Қ.Жұмалиевтің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1967), С.Қирабаевтың қатысуымен жазылған «Қазақ кеңес әдебиеті» (1968-1970) оқулықтары Қазақстан жоғары мектебі тәжірибесінде тұрақты пайдалануға жараған оқулықтар қатарынан орын алып келеді. 1986 жылы доцент Н.Келімбетов «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» атты оқулық жазды.

Кафедра оқытушыларының орта және жоғары мектеп үшін оқулықтар жасау жолындағы еңбегі әдебиет оқыту ісін жүйеге түсірумен ғана шектелмейді. Бұл қадам әуелі мектеп оқулықтары көлемінде қалыпқа келген әдебиет тарихының мәселелерін әрі қарай тереңдете зерттеуге жол ашты. Осы арада Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, көп жылғы кафедра меңгерушісі, профессор Қ.Жұмалиев пен КСРО Педагогика ғылымдары академиясының академигі, ұзақ жылдар институтта ректор, кафедра меңгерушісі қызметін атқарған профессор М.Ғабдуллиннің, осылардан кейінгі кафедра меңгерушісі, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор С.Қирабаевтың кафедраның ғылыми-педагогтық әлеуетін көтерудегі тарихи еңбектерін атап айту ләзім.

Қ.Жұмалиевтің негізгі зерттеулері ауыз әдебиеті мен XVIII-XIX ғасырлардағы тарихи әдебиеттің дамуы мәселелеріне арналды. Осы дәуірлер әдебиетін ол байсалды ғылымдық жүйеге салды. Бұл саладағы ғалым еңбегі оның «Қазақ әдебиеті мәселелері және Абай поэзиясының тілі» (1958), «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» (1969) атты екі томдық кітабында жинақталды. Ғалымның орта және жоғары мектептерге арналған оқулықтары да осы дәуір әдебиетінің даму жолын қамтиды. Қазақ КСР Ғылым академиясы шығарған «Қазақ әдебиеті тарихының XVIII-XIX ғасырларға арналған томын жазуға қатысып оның редакциясын басқарды. Ол «Қазақ совет әдебиеті очерктерінің» алғашқы (1949) басылымының редакциясына басшылық етті және кітапқа өзі де автор болып қатысты. Кейінгі жылдары жазушы стилін зерттумен шұғылданды. Бұл еңбектері автордың «Стиль – өнер ерекшелігі» атты кітабында (1966) жинақталған.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін дәйекті түрде зерттеу ісінде М.Ғабдуллиннің елеулі орны бар. М.Ғабдуллин 1946 жылы «Қобыланды батыр жыры» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. ҚазПИ-де ауыз әдебиетінен сабақ бере жүріп, ол «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты үлкен монография жариялады, бұл кітап жоғары мектепте оқулық ретінде қабылданды да, автордың докторлық диссертациясына негіз болды.

С.Қирабаевтың негізгі зерттеулері кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің дамуы мен оның көрнекті өкілдері шығармашылығын зерттеу ісімен байланысты жүргізілді. Бұл салада «Октябрь және қазақ әдебиеті» (1968), «Өнер өрісі» (1971), «Әдебиет және дәуір талабы» (1975), «Революция және әдебиет» (1977), «Шындық және шеберлік» (1983), «Спандияр Көбеев» т.б. кітаптарын, екі томдық таңдамалы еңбектерінің жинағын жариялады. Сонымен қатар әдебиетіміздің қарастырылмай келген ақтаңдақ беттері туралы де зерттеулер жасап, «Жүсіпбек Аймауытов» атты монографиялық еңбек жазды.

Профессор Н.Ғабдуллин зерттеулерінің бағыты негізінен бүгінгі әдебиеттің көкейкесті мәселелері төңірегінен табылады. Ғылыми еңбектері «Шығарма арқауы-шындық», «Замандас келбеті» (1972), «Уақыт тынысы» (1981), «Ғабит Мүсірепов – драматург» (1958) деп аталатын ғылыми-монографиялық кітаптарда жинақталған.

Қазақ әдебиеті тарихының мәселелерін алғашқы оқулықтар көлемінде шектелмей, кең көлемде қарастыру, жеке ақындар шығармашылығын жан-жақты зерттеу, олардың өз заманындағы әдеби процеспен байланысын анықтау тарихи әдебиеттің басталуы кезеңін айқындауға, оның даму заңдылықтарын нақтылауға мүмкіндіктер туғызды. ҚазПИ әдебиетшілерінің бұл саладағы еңбектері қазақ әдебиеттану ғылымының есеюіне жол ашты. Жаңа әдеби зерттеудің бағытын белгіледі. М.Әуезовтің ауыз әдебиеті мен Абай шығармашылығына қатысты бірсыпыра зерттеу еңбектері ҚазПИ қабырғасында қызмет етіп жүрген кездерде туды. Абайтануды арнайы курс есебінде оқуды М.Әуезов осы институтта бастады. С.Мұқановтың XVIII-XIX ғасырлар әдебиеті туралы зерттеуі де осы кафедраның жоспары бойынша орындалды. Е.Ысмайыловтың, Б.Шалабаевтың XX ғасырдың басындағы әдебиетке арналған зерттеулері де сол тұста жазылды.

Революциядан бұрынғы қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге арнаған еңбектер қатары Т.Әбдірахмановтың «Бекет Өтетілеуов шығармашылығы туралы», М.Мырзахметовтың «Абай шығармашылығының зерттелу тарихы», С.Тойшыбаеваның «Революцияға дейінгі қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесі» жайлы зерттеулермен толықты. Т.Әбдірахмановтың «Жаңа ғасыр көгінде» (1969) атты монографиясы бұл саладағы маңызды еңбектердің қатарына қосылады.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде кафедрада кеңес әдебиетінің мәселелерін зерттеуге көп көңіл бөлінді. Бұл саладағы жұмыс әдебиет дамуының кезеңдері мен оның ерекшеліктерін айқындап, жеке ақын-жазушылар жайлы очерктер жазудан басталды. 1949 жылғы «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктерін» жазуға Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Қ.Жармағамбетов, С.Қирабаев, М.Сәрсекеев т.б. қатысты.

Қазақ ақын-жазушыларының шығармашылық портретін жасауда кафедра ұжымы елеулі жұмыстар атқарды. Т.Нұрғазиннің «Сәбит Мұқанов творчествосы туралы» алғашқы зерттеуі (1950) автордың ҚазПИ-де қызмет істеп жүрген кезінде жазылды. Бұдан кейінгі жылдары С.Сейфуллин мен Ғ.Мүсіреповтің (Х.Әдібаев), И.Байзақовтың (М.Хасенов), С.Шәріповтің (Ә.Тілегенова), Ә.Сәрсенбаевтың (Б.Асылжанов), Ә.Нұрпейісовтің (Т.Сыдықов) шығармашылықтарын зерттеуге арналған еңбектер жасалды.

Кафедраны 2008-2015 жылдар аралығында филология ғылымдарының докторы, профессор Т.С.Тебегенов басқарды.



Кафедраны 2017 жылдың 2 қыркүйегінен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының және Халықаралық білім беру (Ресей) академиясы мен Халықаралық Ш.Айтматов академиясының (Қырғызстан) академигі педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.Сманов басқарады.

